

Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейінің қамқоршылық кеңес мүшелері
отырысынын

Х А Т Т А М А С Ы № 1

Күні: 22.11.2022

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері мен мектеп-лицей әкімшілігі

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамын қайта қарап, төрағасын сайлау және кеңес жоспарын құру.
2. Мектеп-лицей оқушыларының білім сапасын көтеруге, ішкі жұмыстарын дамытуға бағытталған отырыс.
3. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасылары оқушыларына қолдау көрсету.
4. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы Б.Ж.Нұрқожаев білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмыстарын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстырды. Үлгілік қағидалар әр мүшеге таратылып, талқыланды. Қамқоршылық кеңес төрағасы болып сайланған Б.Ж.Нұрқожаев төраға болып өз жұмысын жалғастыра беруге немесе төрағаның өзгеруі туралы кеңес мүшелеріне ұсыныс айтты.

Кеңес мүшелері бірауыздан осы кезге дейін қамқоршылық кеңес төрағасы қызметін атқарып келген Б.Ж.Нұрқожаев төрағалық қызметінде қалдыруын қолдады.

Сонымен қатар қамқоршылық кеңес төрағасы Б.Ж.Нұрқожаев мүшелерін таныстырып, қай салада қызмет атқаратындығы туралы айтты, және қамқоршылық кеңес жұмыстарының атқаратын жұмыстары жөнінде жоспар құру ұйымдастырылып, мүшелердің қосар үлестері туралы сұралып, 2022-2023 оқу жылына арналған кеңес жоспары жасақталды.

Екінші мәселе бойынша:

Мектеп-лицейінің кейбір сын көтермейтін және алдағы уақытта атқаратын жұмыстарымен таныстырды. Мәселен, оқушылардың оқу партасының жетіспеушілігі, оқушы санының артуына байланысты, қазіргі таңда оқушы саны 3847-ге жетіп, сыныптардың жетіспеушілігі және мектеп-лицейінің оқушылар тасымалдайтын автобустың сыйымдылығы сын көтермейтінгі туралы айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Аралбаев: Мектеп-лицейінің керекті құрал-жабдықтарды қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуымен мектеп-лицейінің жеке кәсіпкер азаматтарын қолдау көрсетуге шақыру керектігін айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Б.Нұрқожаев: ата-аналарды үнемі мектеп-лицейдің ішкі жағдайларымен таныстырып отыру керек, сонымен қатар аптасына бір рет ана-аналарды кестеге сәйкес шақырып, денешынықтыру сайыстарын тұрақты түрде өткізуді дәстүрге айналдыру керектігін айтты. Сонда ғана ата-ана мектеп-лицей өмірімен танысып, кейбір жағдайларды көздерімен көруге мәжбүр болатындығын айтты. Сонымен қатар мектеп-лицей ауласын көркейту көгалдандыруға аса қажет аяқсумен қамтамасыз ету жұмыстары айтылып, алдағы уақытта мәселенің оң шешім табатындығына уәде берді.

Қамқоршылық кеңес мүшесі А.Турешова: Қазіргі таңдағы мектеп-лицейінің оқушыларға аса қажетті құрал-жабдықтары (парта мен орындық) болып отырса, осы құрал - жабдықтарды алу үшін және аз қамтылған оқушыларға көмек көрсету керектігі айтылды.

Қаулы:

1. Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен кеңес мүшелері таныстырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес төрағасы Б.Нұрқожаев болып бірауыздан қалдырылып, кеңес жоспары бекітілсін.
4. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қамтылған отбасылары оқушыларына қолдау көрсету.
3. Ағымдағы айтылған мәселелер жөнінде жұмыстар атқарылсын.

Мектеп-лицей директоры

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Хатшы:



Б.С. Тумурзаев

Б.Нұрқожаев

М.Абдуллаева